bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718
2023

БӨЛІМ: FARABI UNIVERSITY / UNIVER / МАГИСТРАНТ

# Әлеуметтік бағдарламалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін өлшеу алгоритмі

ЖАРИЯЛАНДЫ 21.11.2023
СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/146419/

*«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс магистранты Талип А.Н.*

*Жетекші: Авсыдыкова К.А.*

Болжаулар негізінде экономиканы мемлекеттік реттеу кезінде болашақ даму стратегиясын таңдау мүмкіндігі туады. Әлеуметтік-экономикалық серпінге экономикалық ықпал етудің стратегиялық басым бағдарлары анықталады. Таңдап алынған стратегиялар мен басымдықтар бағдарламалар негізінде жүзеге асады. Қоғамның экономикалық қатнастары оның жекелеген мүшелеріне тікелей әсер етеді. Әсіресе өндіріс құрал – жабдықтарына байланысты қатнастар үлкен ықпал етеді. Өндіріс құрал – жабдықтарымен бөтенсіту жұмысбастылық және әлеуметтік жіктелуіне, отбасындағы экономикалық, әлеуметтік мәселелерге алып келеді.

Мемлекеттік экономикалық бағдарлама – ресурстармен қамтамасыз етілген және белгіленген мақсаттарды барынша қысқа мерзімде және өте аз шығындар жасай отырып жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзара бір-бірімен байланысқан іс-шаралар.

Мұндай бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруды мемлекеттік экономикалық бағдарламау деп атайды.

Мемлекеттік экономикалық бағдарламалаудың артықшылықтары мыналар:

1.Бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, аймақтық дамуды жүзеге асырудың тиімді тәсілі болып табылады. Дамудың болашағы бар бағыттарына ресурстардың жинақталуын қамтамасыз етеді, міндетті түрде болатын дағдарыстар мен қайшылықтарды жеңіп шығуға көмек береді, экономиканың жаңа, жоғары деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

2.Бағдарламалар нарықтық экономиканың өзіндік реттелуінде, мемлекет қолдауымен кәсіпкерлердің инновацияны игерудегі стратегиялық мәселелерді шешуде дербес шешім қабылдаудың және әлеуметтік және экономикалық ірі мәселелерді шешудің нағыз әсерлі тәсілі болып табылады.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

3.Бағдарламалау стратегиялық арнада ең жақсы ресурстардың жинақталуынан және бағдарламалар жобаларын қабылдау мен олардың өзара байланыста болуынан қосымша жүйелік нәтиже алынуын қамтамасыз етеді. Ал ол жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі.

Аталған ерекшеліктерді ескере келе, бағдарламалау көптеген мемлекеттерде, ірі кәсіпорындарда, трансұлттық корпорацияларда кеңінен қолданыс тауып, стратегиялық басқарудың маңызды құралына айналды. Мемлекеттік бағдарламалар әрқашан мақсатты болады және белгілеріне қарай келесі түрлерге бөлінеді.

Бағдарламалау объектері бойынша: — Елдің, ірі экономикалық аудандардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің негізгі көрсеткіштері бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуының келешегі мен стратегиясын анықтайтын жиынтық макроэкономикалық бағдарламалар (мысалы, үкімет әзірлейтін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы); — Қызметтің бір түрі бойынша мемлекеттік бағдарламалар (мемлекеттік инвестициялық бағдарлама, ғарыш бағдарламасы және т.б.);

— Жеке мәселелер бойынша мақсатты бағдарламалар — әлеуметтік, инновациялық, экологиялық, аймақтық, салалық және т.б.; — Министрліктер мен ведомстволардың өз құзыры аясында немесе орталық мемлекеттік бағдарламалар құрамында қабылданатын салалық және проблемалық бағдарламалар; — Ірі әкімшілік-аумақтық бірліктің заң және басқару органдары немесе жергілікті билік органдары қабылдайтын аймақтық мақсатты бағдарламалар; — ТМД аясында немесе Еуразиялық экономикалық қауымдастық аясында қабылданатын мемлекетаралық бағдарламалар;

— Халықаралық бағдарламалар, мұнда ел бағдарламаның бастамашысы не оны орындаушылардың бірі ретінде қатысады; — Жоғары деңгейдегі бағдарламларды орындау үшін немесе өз бастауымен және өз қаражаты негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындардың, холдингтердің, банктердің және т.б. өздері әзірлейтін және жүзеге асыратын мақсатты бағдарламалар.

Сондай-ақ, бағдарламада кластерлік саясат белгіленеді, ол ел экономикасын жаңа технологиялық деңгейге көшіруге, өнімділік деңгейі, қосылған құны және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердіңбөлініс дәрежесі жоғары салаларды қалыптастыруға бағытталатын болады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мемлекет: — мұнай мен газ өндіруге және өңдеуге байланысты базалық ресурстық секторлардың, мұнай-газ химиясының, мұнай-газ химиялық машина жасаудың және мұнай-газ өнеркәсібіне арналған сервистік көрсетілетін қызметтердің ішінен бір ұлттық кластерді; — өңдеуші өнеркәсіптің нарықтық бағдарланған секторларында конкурстық рәсімді жүргізу нәтижелері бойынша айқындалатын аумақтық үш кластерді; — Астана қаласында («Назарбаев

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Университеті» кластері), Алматы қаласында («Ақпараттық технологиялар паркі» кластері) «жаңа экономика» секторларында инновациялық екі кластерді дамытуға және теңгерімді түрде қолдауға назар аударады. Жалпы, бағдарламаның іс-шаралары түйінді тосқауылдарды еңсеру жөніндегі міндеттерді шешуге және өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларындағы жобаларды іске асыруға бағытталған.

*Экономикалық талдаудың мазмұны мен мақсаты.*

Талдау қол жеткізген нәтижелерді бағалап қола қоймай, қателіктер мен жетістіктерді айқындайды және де өндіріс процестеріне оперативті ықпал етілді. Сондықтан да талдаудың оперативтілігі әрекеттілігін бағалау маңызды.

Экономикалық құбылыстар процестері мен шаруашылық жүргізу. Өз нәтижелерін бағалауда талдау мемлекеттік ыңғайда негізделеді. Басқаша айтқанда, экономикалық құбылыстарды бағалауда мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық халықаралыө заңдары мен саясатына сәйкес келуін есептеу қажет.

- Кәсіпорының өндірісттік құрылымы өндірілген өндірістің үлгісі, өндіріс кезеңін ұйымдастыру.
- Өндірісті басқару процесін ұйымдастыру.
- Шаруашылық статистикасын таңдау өнімді өндіруді жоспарлау және өнімді сатуды әзірлеу.
- Өндірісті қалауда капиталды пайдалану және кәсіпорынның

табысын қорландыру.

- Өндірістің материалдық техникалық, базамен қамтамасыз етілуі.
- Шикізаттардың материалдық жеткізілуі қосалқы қорды қолдау

және оларды ұтымды пайдалану

- Өндірістің техникалық жағдайымен қажетті инфрақұрылымды

құрылысы.

- Өндірістік шығындарды қалыптастыру өнімнің өзіндік құнын бағалау.
- Өндірістің қаржы ресурстары: қаржылық шаруашылық қызметі.
- Кәсіпорын жаңару қызметі өнімнің сапасы және экономикалық

проблемалар.

- Кадрларды іріктеу, оларды жұмысқа қабылдау еңбекті ұйымдастыру, еңбекақы төлеу жүйесі, және еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру.

Шаруашылық қызметтер талдауының жіктелуі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

Олар сәйкесінше салалық кезеңдік, кеңістік белгілерінен, периоттық жүргізу, басқару объектілері.

Зерттеу әдістері, объекті жалпы қамту прогламалардың мазмұндары, тұтынушыларды талдаудан тұрады.

Шаруашылық қызметтің талдауының жіктелуі оны дұрыс түсіну үшін оның мазмұны мен тапсырмалары үлкен мағынаға ие. Экономикалық әдебиеттерде шаруашылық қызметтерді талдау әр түрлі мағынасы бойынша жіктелінеді. Солар баойынша, қоғамдық еңбекті болуы негізінде анықталады, талдау салалық болып бөлінеді. әр түрлі экономикалық салалар (өндірістік, ауыл шаруашылық,көлік сауда және т.б) яғни оларға арнайы тәсілдер қолданылады, және сала аралық. Бұл ұлттық экономиканың шаруашылықтың қызметін талдаудың теориялық және методологиялық болып табылады. Яғни шаруашылық қызметтің талдауының теориясы.

Салалық шаруашылық қызметін талдаудың объекті қажеттелігі өндірістегі салалардың әртүрлі болуымен түсіндіріледі қоғамдық өндірістерідің саласы өзінің еңбектің әрқилығын ерекшеліктеріне ие, өзінің мамандануы яғни экономикалық қарым қатынастар нәтижесінде болады. Әр түрлі салалардың мамандануы әр экономикалық ерекшелігімен шарттарын жасау қажеттілігімен негізделеді.

Салалық барлық қоғамдық өндіріс салалары Бір*бірімен тығыз байланысты оларда ортақ нәрсе көп жеке салалардың бір-бірімен байланысы, олардың арасындағы ішінара байланыстың болуы саларалық талдауын Шаруашылық қаржылық талдау жасау қажеттелігін тудырады. Шаруашылықты қызметтің талдаудың теориясы бұл- ғылымның жалпы методологиялық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Шаруашылық қызметті талдаудың әр түрлі экономикалық саласын алдыңғы тәжербиелермен толықтырады. Экономикалық анализдің мазмұнын жалпы және салаларды қоса толықтырады. Экономикалық талдау бойынша жалпы теориялық білімін білу, салааралық талдауда ұқыпты квалификациялық практикалық қолданудың біріңғай әдісін жасау қажетті шарттардың бірі болып табылады.

Кезеңдік белгісі бойынша шаруашылық қызметті талдау алдағы кезең мен келешектегі ретраспективті тарихи. Алдағы кезеңді талдау шарашылық операциялардың іс-жүзіне асырғанша жүргізіледі. Басақарушылық шешіммен жоспарлы тапсырма саларалық болжамжы жоспарлау және жоспарды орындау күтімділік бағасы, ескерту қажеттілігіне негізделеді.

Келешектегі талдау шаруашылық акт аяқталғанан кейін жүргізіледі. Ол жоспарды орындауды қадағалау пайдаланбаған резевтер қорын қорытындылау кәсіпоарын шешімдеріне қанағатты баға беру негізінде қолданылады.

Ретроспективті талдау оперативті және қорытынды деп бөлінеді. Оперативті талдау

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

шаруашылық операциялары аяқталғанан немесе ситуациялық аз уақыт ішінде өзгеруіне негізделеді.

Қорытынды есеп беру кезеңінде жүргізіледі, оның құндылығы кәсіпорынның кезең ішінде есеп қорытындысын ауқымды және жан жақты зерттеуді қолда бар мүмкіндікті пайдалану кәсіпорындағы толық баға беруді қамтамасыз етеді.

Кеңістік белгілері бойынша ішкі шаруашылық немесе шараушылық аралық талдауды қарасытрады.

Ішкі шаруашылық талдау тек қана зерттелетін кәсіпорын мен рның өлшемдері мен қызметтерін қарасытрады. Шаруашылық аралық талдауда екі немесе одан көп кәсіпорындардың шешім қызметтері салыстырылады. Алдағы тәжербие мен кемшіліктер кәсіпорын қызметінің тиімділігіне дұрыс бағалау айқындауға мүмкіндік береді.

Мазмұндық программаны талдау кешенді және тақырыптық болып келеді. Кешенді талдау кәсіпорын қызметін жан-жақты қарасытырады. Сол уақыттығы қызықты мәліметтердің мысалы материалдық ресурстарды қолдану кәсіпорынның өндірістік қуатты өнімінің өзіндік құнын төмендеті немесе тағы басқа. Осы айтылған шаруашылық қызметін талдау формалары ұйымдастыру ен жүргізу әдістері өз бетінше біріңғай.

Қорыта келе, экономикалық тиімділігін өлшеу мемлекеттік реттеудің бағыттары мен қызметінің барлық деңгейін қамтиды. Экономикалық объектінің даму баламаларының пайда болу көздері бірінші кезекте ұдайы өндіру жағдайында, мысалы, экстенсивті әдістерден қарқынды әдістерге көшу кезінде мүмкін болатын сапалық ілгерілеулер болып табылады. Баламаларды қалыптастыруға өндірісті дамытудың нақты мақсаттары әсер етеді.

*Әдебиеттер тізімі.*


1. *https://7kun.kz/ekonomikaly-su-o-amny-l-au-aty-men-ndiristi-tiimdiligin-arttyru/*
2. *https://stud.kz/referat/show/6333*
3. *https://annk.kz/post/azastan-respublikasyny-leumettk-ekonomikaly-damuy*


ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім портaлы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.